

Аңдатпа

Дипломдық жұмыста конвейер қондырғысының құрамы мен технологиясына анықтама берілген, конвейердің кинематикалық сұлбасына талдау жасалып, электр жетегінің механикалық бөлігінің параметрлері анықталған. Электр жетегі жүйесі таңдалып, оның орынбасу сұлбасының параметрлері анықталып, табиғи механикалық және электр механикалық сипаттамалары тұрғызылды.

Электр жетегінің автоматты басқару жүйесі қарастырылған. Ленталы конвейердің реттелетін электр жетегі құрылды, сонымен қатар конвейердің электр жетегіне бағдарламамен зерттеулер жүргізілген. Зерттеулер әртүрлі жұмыс режимдерінде жүргізіліп таңдалған.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде конвейерлік өндірістің жұмыс ерекшелігіне талдау жасалып, өндірістегі немесе жұмыс орнындағы еңбек жағдайларын бағалаудың негізгі факторлары мен әдістері, электр тогын өндірісте пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары, өндіріс ғимаратын жарықтандыру қарастырылған.

Экономикалық бөлімде электр жетектің экономикалық тиімділігі мен оны бағалау арқылы таңдау қарастырылған, сонымен қатар капиталдық салымдар мен материалдық шығындарға есептеулер жүргізілген.